



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 26 ақпан – 5 наурыз аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2021 жылғы 9 наурыз

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 5 наурызда теңгенің нарықтық бағамы апта ішінде 0,6%-ға (417,02-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 419,66 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 26 ақпан – 5 наурыз аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының көпшілігінің серпіні теріс болды.


АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсуі және АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы АҚШ ФРЖ басшысының түсініктемелері аясында жалғасты. Джером Пауэлл ынталандырушы ақша-кредит саясатын ұстанатынын растады, бірақ кірістіліктің өсуіне алаңдаушылық танытпады. АҚШ Сенаты \$1,9 трлн мөлшерінде ынталандыру пакетін мақұлдады. Ақпанда АҚШ-тағы еңбек нарығы туралы есеп талдаушылардың күткенінен асып түсті: құрылған жұмыс орындарының саны 379 мың болды, жұмыссыздық деңгейі 6,2%-ды құрады.

Дамушы елдер валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **үнді рупиясы** қор нарығына капиталдың әкелінуі аясында 0,6%-ға (73,47-ден 73,03-ке дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуі аясында 0,3%-ға (74,57-ден 74,34-ке дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің ұлғаюы және борыш нарығынан капиталдың әкетілуі аясында 0,5%-ға (14 235-тен 14 300-ге дейін) әлсіреді;
- **Түрік лирасы** ақпанда инфляцияның 15,6%-ға ж/ж дейін қарқын алғаны туралы деректер аясында мөлшерлемені арттыру шараларына қарамастан 1,3%-ға (7,43-тен 7,53-ке дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** нақты тұрақтылыққа (Сенат 7,8 млрд доллар көлеміндегі әлеуметтік көмек топтамасын мақұлдады), АҚШ МБҚ кірістілігінің өсуіне және 2021 жылы экономикалық өсудің бәсеңдегені туралы белгілерге байланысты қауіптену аясында 1,4%-ға (5,6-дан 5,68-ге дейін) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка ранды** борыш нарығынан капиталдың әкетілуі аясында 1,6%-ға (15,12-ден 15,36-ға дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ доллары бағамының нығаюы және инвесторлардың электр энергетикасына мемлекеттік бақылауды күшейтуді көздейтін даулы заң жобасына қатысты қауіптенуі аясында 2,2%-ға (20,86-дан 21,31-ге дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылдың басынан бастап 2021 жылғы 05 Наурыз аралағында)



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылғы 26 Ақпан - 05 Наурыз аралағында)



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2021 жылғы 19 ақпанда =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz